



✓ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Әділетті қоғамның белгісі

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ – ХАЛЫҚҚА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ. ДЕ-МЕК, ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚҰР-МЕТ ТҰТЫП, БІЛУІ ТИІС. ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ. ТІЛСІЗ ХАЛЫҚТЫҢ, ЕЛДІҢ ӨМІР СҮРУІ МҮМКІН ЕМЕС. ӨЛЕМ ТАНЫҒАН ЕЛ БОЛУҢҮШІН АНА ТІЛІМІЗДІҢ ЖҰЛДЫ-ЗЫН БИІКТЕТУІМІЗ КЕРЕК. ТУҒАН ТІЛІМІЗДІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ. СЕБЕБІ, БІЗДІҢ БОЛМЫСЫМЫЗ, САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗ, ДІНІМІЗ, МӘДЕНИ-ЕТІМІЗ ОСЫ ТІЛІМІЗДЕ ЖАТЫР. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАС ҰР-ПАҒЫН ПАРАСАТТЫ, БІЛІМДІ, ІСКЕР, ҚАБІЛЕТТІ, ҰЛТЖАН-ДЫ ЕТПІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ. ТІЛ – АТА-БАБАЛАРЫ-МЫЗДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ. АТА-БАБА МҰРАСЫН ЖАЛҒА-СТЫРУ, ОНЫҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ МЫНА БАРШАМЫЗ-ДЫҢ МІНДЕТІМІЗ, БОРЫШЫМЫЗ.

Мемлекеттік тілдің мәрте-бесін арттыру – бұл тек тіл маман-дарының немесе білім саласының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе сот жүйесі мен құқық қорғау саласында мемле-кеттік тілдің орны ерекше. Сот ісін жүргізудің мемлекеттік тілде жүзеге асырылуы – азаматтардың құқықтары мен заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етудің негіз-гі кепілі. Себебі тіл – әділдіктің,

сенімнің және халыққа жақын бо-лудың маңызды тетігі.

Бүгінгі таңда елімізде мем-лекеттік тілді дамыту бағытында көптеген шаралар атқарылуда. Мемлекеттік қызметкерлердің, сот қызметкерлерінің, жастар-дың қазақ тілін еркін меңгеруі – тілге деген құрметтің және елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Тілді білу – тек сөйлей алу емес, онымен ойлау, сезіну, шешім қа-

былдау қабілетін қалыптастыру. Ал бұл – нағыз рухани тәуел-сіздіктің бастауы.

Қазақ тілі – ғасырлар бойы ұлттың тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін сақтап келген ұлы қазына. Оны дәріптеу, қолдану аясын кеңейту – әр азаматтың бо-рышы.

Мемлекеттік тілде сөйлеу – өз ұлтыңа, өз еліңе деген құрмет, азаматтық жауапкершілік пен ру-хани биіктік белгісі.

Біздің мақсат – мемлекеттік тілдің қоғамдағы беделін артты-рып қана қоймай, оны шын мәнін-дегі бірлік пен келісімнің тіліне айналдыру. Сонда ғана Қазақстан халқының ортақ болашағы – тұрақты, әділ және рухани кемел ел бола алады.

Г.ЕМБЕРГЕНОВА,
Балқаш қаласының
әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының
аға сот приставы.

Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық

ҚАЗАҚСТАНДА ОТБАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОР-ЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ–ЕҢ ӨЗЕКТІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ-ЛЕРДІҢ БІРІ. ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ КӨБІНЕ КҮЙЕУІ ӘЙЕЛІНЕ (ЖАҚЫН СЕРІГІНЕ) КҮШ КӨРСЕТУ, ҰРЫП-СОҒУ, ҚОРЛАУ ТҮРІНДЕ КӨРІНІС ТАБАДЫ.

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қара-мастан, отбасылардағы тұрмы-стық зорлық- зомбылық жағдай-лары өте жиі кездеседі.

Зорлық-зомбылық– қоғамдағы ең қауіпті және өмірге төнген қауіптердің бірі. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық, балаларға қатысты қатігездік және жұмыс орындағы қорлау сынды оқиға-лар кең тараған.

Сонымен қатар, әлеуметтік мәселелер зорлықтың негізгі себептеріне жатады. Жұмыссыз-дық, ішімдік пен есірткіге тәуел-ділік, стресстік өмір жағдайлары отбасылық жанжалды ушықты-

рып, зорлыққа апарады. Көп жағдайда зорлық жасағандар әрекетін мас күйімен түсіндіреді.

Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды, онысы бекер. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абырой-лы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Қазақстан Республикасы «Әк-імшілік құқық бұзушылық тура-лы» кодексінің 73 бабына сәйкес, отбасы–тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әре-кеттер қатарына былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмы-сындағы заттарды бүлдіру және

олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде неме-се өзге тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер жатады.

Тұрмыстық зорлық-зом-былық үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73 бабы бойы-нша жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал олардың әрекеттерін-де қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары бойынша қылмыстық жауапкер-шілікке тартылады.

Р.САРСЕНБАЕВА,
Балқаш
қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы.

Қыс мезгілінде су айдындарындағы балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Балық аулау кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелері: мұздың жұқа және қатпаған жерлерін басуға болмайды, мұздың жеке-леген учаскелерінде топтасып жүрмеу керек, мұздағы ой-ықтарға, жарықтарға жақында-уға мүлде болмайды, сондай-ақ түнде мұз баспау қажет. Айта кету керек, мұздың қаттылығын аяқпен тексеруге қатаң тыйым салынады. Мұны көзбен-ақ анықтауға болады. Яғни, мұздың түсі көк болса, қатты екенін біл-

діреді. Ақ болса, қаттылығы 2 есе аз болады. Ал сұр және күңгірт ақ немесе сарғыш түсті мұзды мүлде баспау керек. Өйткені ойылып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті мұздың қалыңдығына мән беру керек. Боранда, қатты желде немесе кенеттен жылы ауа райында балық аулаудан аулақ болыңыз. Мұздың үстінде абайлап қозғалыңыз, балықшы-лар арасындағы қашықтықты сақтаңыз. Қашықтық кем дегенде 3-5 метр болуы керек. Бір-біріне

тым жақын ойықтарды бұрғы-ламаныз, бұл мұзды әлсіретеді. Ысқырық, құтқару кеудешесі, диаметрі кемінде 11 миллиметр, ұзындығы кемінде 12 метр жіп, ұзындығы кемінде 2 метр таяқ, су өткізбейтін пакеттегі ұялы телефон секілді құтқару құрал-дары болған кезде мұз астынан балық аулауға рұқсат беріледі. Қауіпсіздік ережелерін бұзушы-лар жауапкершілікке тартылады.

Балқаш балық
инспекциясы бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АТАJURT MINERALS» ЖШС үшін 2026 жылы 30 қаңтарда, сағат 11:30 да Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған а.ә., Сарышаған ауылы, Абай көшесі 18 мекен-жайы бойынша (Сарышаған ауылының әкімдігі ғимараты-ның жиналыс бөлмесінде) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Тыңдалым барысында Мыстөбе кен орнындағы «АТАJURT MINERALS» ЖШС үшін құрамында алтыны бар кендерді өндіру бойынша кешенді экологиялық рұқсат алу үшін материалдар талқыла-нады.

«Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (ndbecology.gov.kz) және Қарағанды облысы-ның табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk> танысуға болады. Барлық ескер-тулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталын-да қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz және expertiza.upr_krg@mail.ru мекен-жайы бойынша қабылда-нады, сондай-ақ жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты және Zoom конференциялар қосылу сілтемесін e_mail: ecologybook1@gmail.com немесе 87775510721 нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: ТОО «АТАJURT MINERALS» директоры Исаков Ахан Наки-пович., БСН: 240440001308, te_mail: ecologybook1@gmail.com. Заңды мекенжайы Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 1 үй 377 пәтер. Жоба-ны әзірлеуші "ENVI Systems" ЖШС, Бас директор Сраилова А.А., БСН: 031140005913 Мекен-жайы: Алматы қаласы, Бо-стандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев д-лы, 235Б үй, . 215 пәтер. e_mail: abak@envisystem.kz, тел: 87017876061. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған а.ә., Сарышаған ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°07'08"С.Е. и 73°36'27"Ш.Б. Кен орны гео-графиялық координаттары: 46°38'30"С.Е. и 73°37'08"Ш.Б.Он-лайн.қосылу.сілтемeci: <https://us05web.zoom.us/j/85292816305?pwd=zusSTdlrYf8eA0ZlZPtK56CFLzjXuj.1> Идентификатор конференции: 852 9281 6305 Код доступа: 9YYTxy

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «АТАJURT MINERALS» сообщает, что 30 января 2026 года в 11:30 часов по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Саршаганский п.а. п. Сарышаған, ул. Абая 18 (конференц-зал акимата Сарышаганской п.а.) бу-дут проведены общественные слушания в форме открыто-го заседания собрания. Обсуждению подлежат материалы для получения комплексного экологического разрешения по добыче золотосодержащих руд на месторождении Мысто-бе для ТОО «АТАJURT MINERALS» .

С пакетом проектной документации можно ознако-миться на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz), и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Все замечания и/или предложения прини-маются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты прове-дения общественных слушаний на Едином экологическом портале ndbecology.gov.kz и по адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru а также дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте e_mail: ecologybook1@gmail.com или по номеру 87775510721 Заказчик проек-та: ТОО «АТАJURT MINERALS», руководитель ТОО «АТАJURT MINERALS» – Исаков Ахан Накипович, БИН: 240440001308, e_mail: : ecologybook1@gmail.com. Адресс: г. Астана, район Алматы, улица Ш. Калдаякова дом 1, 355 кв. Разработчик проекта ТОО "ENVI Systems". Гене-ральный директор Сраилова А.А., БИН:031140005913, e_mail: abak@envisystem.kz, тел: 87017876061 адрес:, г.Алматы, ул. Нұрсұлтан Назарбаева дом №235Б. Терри-тория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Саршаганский п.а. п. Сарышаған. Географические координаты территории воздействия: 46°07'08"С.Ш. и 73°36'27"В.Д. Географические координаты месторожде-ния: 46°38'30"С.Ш. и 73°37'08"В.Д., Ссылка на онлайн конференцию: <https://us05web.zoom.us/j/85292816305?pwd=zusSTdlrYf8eA0ZlZPtK56CFLzjXuj.1> Идентификатор конференции: 852 9281 6305 Код доступа: 9YYTxy